



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ерекшеліктері бар. Ауызша туып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап жеткендіктен шешендік-билік сөздер негізі ауыз әдебиетіне тән. Ондағы айтылған ой түптің түбінде қазақтың дәстүрлі мақал-мәтеліне айналып кетеді. Шешендік сөздердің қай-қайсысын алсаңыз да сыртқы түрі де, ұйқасы да даналық сөздермен үндесіп жатады. Кейбір сөз қолданыстар көптеген би-шешендер сөздерінде қайталанып, сәйкестендіріліп отырады. Сөз саптау ерекшеліктерінде де ұқсастықтар басым болады.

Біздің ойымызша, шешендердің жеке басына тән мынадай қасиеттер болған. Алдымен, шешен - сөз тапқыш, сезімтал, сонымен қатар, ақындық өнерге де жақын, суырып салмалық қасиеті де қатар жүрген.

Шешендіктің негізгі мақсаты - адамдарды иландыру, айтқысы келген нәрсені нақ айтып, сендіру.

Кез келген халықтың белгілі шешені, биі болу үшін де адам бойында көптеген жақсы қасиеттер тұтасып келуі шарт. Ол үшін халқын, Отанын сүю аз, дүниеге көзқарасы кең, тапқырлық, өткірлік қасиеттері қатар жүруі тиіс. Ел тарихында ізі сайрап жатқан абыздар, шешендер, билер көп-ақ.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, қазақ шешен – билерінің мұрасы – халықтың даналық қазынасы. Шешендік өнер - рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – еліміздің сенімді келешегі.

Қолданылған әдебиетті

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Қызылорда-Ташкент: 1927
2. Қазақ ССР тарихы. - Алматы: 1957. 226-б.
3. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Қызылорда: 1932.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: 1948. 257-б.
5. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: 1991. 61-б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары.- Алматы: 1995.
7. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6-т. - Алматы: 1985.
8. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: 1985.
9. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы: 1973.
10. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: 1991.
11. Адамбаев Б. Ел аузынан. - Алматы: 1993.

ОӘК 821.512.122

УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТІҢ КӨРКЕМ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

(М.Мағауиннің «Әбдіғаппар сері» әңгімесі негізінде)

Ердембек Еркеғали Ерболұлы

erdenbek1996@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті "Филология: қазақ филологиясы"

мамандығының I курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.Ә.Аймұхамбет

Қазақтың қазіргі көркем прозасының көрнекті өкілі Мұхтар Мағауиннің әдеби шығармашылығы өте бай, алуан тақырыпты қамтитын сан-салалы екені мәлім. Оның әңгіме-повестері, «Көк мұнар», «Аласапыран», «Жармақ» романдары қай кезде де оқырман тарапынан үлкен қызығушылық тудырып, әдеби ортада да өзінің лайықты бағасын алғанын, әсіресе, қазіргі кездегі жазушыға деген үлкен құрметтен аңғарамыз.

Қаламгердің «Әбдіғаппар сері» әңгімесі 1989 жылы жазылыпты. Бұл әңгіме оның «Доңыз жылғы балалық» цикліне еніп, алдымен, «Жұлдыз» журналында, кейінірек

жазушының жинақтарында жарияланды, көп томдығының бесінші томына енді. Бұл әңгімеде бізді қызықтырған жазушы суреттеген кезең және ортаның ерекшелігі болды. Сондықтан да осы әңгімені әдебиеттегі уақыт пен кеңістік категориялары ауқымында қарастыруды мақсат еттік.

«Әбдіғаппар сері» әңгімесінің кіріспе іспетті беташарында нақтылап айтылған уақыт пен кеңістікті байқамаймыз. Өйткені осы бастапқы абзацта сюжеттің өзі емес, оның кейбір белгілері ғана беріледі. Сондықтан бұл арада уақыт пен кеңістіктің толыққанды сипаты жөнінде пікір айту қиындау. Олардың көркемдік аясында құбылысқа түсуі, яғни, трансформациялануы жөніндегі айтылар ой да әлі алда. Мұнда автор уақыт пен кеңістіктің болмашы нобайын ғана береді («Ел іші кең ғой», «Жеті қабат терінің екі-үш қабат сыдырылған кезі. Одан соңғысы да көз алдымда. Бірақ...Сері күйінде көкейде қалыпты») [1,303].

Шығарманың осы бастапқы сюжеттік байланысынан уақыт пен кеңістіктің сипатын аңғарамыз, бұдан ары қарай оқиға өтетін кез және орын нақтылана береді. Оның айқын мысалы алғашқы сөйлемінен байқалады («Күресінде шана теуіп жүргем»). Мұнан біз алдыңғы абзацпен логикалық байланысын байқап, кейіпкерді таныстыруда автор ишара ретінде «күресін» ұғымын қолданған сияқты. «Күресінде» деген сөздің мекенді білдіріп, оның астарында бас кейіпкер – серінің қоғамнан аластатылған адам екенін аңғартады.

Оқиға бастауына қыс мезгілінің алынуы да бала жанының таза, пәк екенін білдіріп, сол фонда серіні алғаш кездестірудің өзі оның өмірінде бұрын-соңды болмаған әсер еткеніне автор емеурін береді. Енді шығарманың осы тұстағы уақыты пен кеңістіктігі аясында автор бас қаһарманның көркем портретін мейлінше кеңірек бейнелейді. Кеңестік ауылдың өмір шындығы бірсарынды дағдыға, сол үкімет орнатқан қатал тәртіпке негізделгендіктен, серінің киім кию үлгісі заман ақиқатына, қоғам талабына сай емес екендігін түсінеміз. Сонда автордың эмоциялық реакциясы, көркем сөзбен суреттелген сері келбеті бізге бірден кезінде аты алты алашқа мәлім Біржан сал, Ақан серілердің өмірі мен бейнесін еріксіз еске түсіреді де, Әбдіғаппардың олардың ізін жалғастырушы екендігін аңғартып тастағандай болады. Демек, уақыт пен кеңістік аясында Әбдіғаппардың нағыз серіге тән бейнесі: «Бауыры бусана қырауытқан, ауыздығы көбіктенген, есік пен төрдей қаракер арғымақ үстінде қасқыр ішік киген төбедей уісі отыр. Кәмар белбеу жарқ-жұрқ етеді, қолында шашақты қос айыр сары ала қамшы. Ең қызығы – жасыл пүліш тысты қарқарадай түлкі тымағының төбесіне үкі тағылған. Қылаулана бозарып, үлбірей тербеледі» деп суреттеліп көз алдымызға келеді [1,303]. «Өй, жаман, ұста сулықтан!», «Әуелі серіні аттан түсіріп алу керегін білмеуші ме едің» деген сөйлемдердің ой астарынан баланың бұл дәстүрді білмейтінін, ғасырлар бойы қазақ даласында салтанат құрған серілік дәстүрдің, еркіндікпен байланысты қазақшылық дағдылардың кеңес уақытында ұмытылғанын байқаймыз [1,304]. Сондықтан, уақыт пен кеңістік бас кейіпкердің тікелей образын ашуға, әрекеттерінің логикасын түсінуге мүмкіндік беретін көркем құбылыс екен. Әбдіғаппардың серіге тән ішкі әлемі басқа да, заман шындығы бөлек. Оның әрекеттері мен өмір сүру философиясын түсінуде уақыт пен кеңістік қандай дифференсацияға ұшырайды? Соған жауап бере отырып, идея мен тақырыпты аңдап, кейіпкерлер болмысын танимыз. Жоғарыда айтып кеткендей, серінің суреттелуі, баланың аңтарыла қарап, таң қалу эмоциялары көзге елестетін сыртқы форма функциясын атқарады екен. Ал айтылған сөздер кейіпкерлердің ішкі ойын білдіреді де, соған орай саналық емеурінді байқатады. Дәстүр қалыбы бойынша серілер ел құрметтейтін, ауылдың сыртынан тосып алатын сыйлы кісілер. Бірақ «Баяғы заман емес, Серіні ауылдың сыртынан тосып алып, үйге сүйемелдеп кіргізетін. Ұқтың ба?» Сөздің астарында ирония тұр. Тұтас заманға. Осы абзацта айтылған алғашқы уақыт балалық шақ, қыс кезі (дәл уақыты нақтыланбаған), ал кеңістік сонау кеңес дәуіріндегі шалғайдағы қазақ ауылы. Бұл баяндалып жатқан сәттегі шындық. Ирония астарында Әбдіғаппар бұрынғы серілер емін-еркін сауық құрған уақытты, Ақан заманын еске алады. Іштей өкініш сарыны да бар. Автор шығарма идеясына орай Әбдіғаппар өмірінің әр кезеңін кейіпкер баяндауы арқылы ұсынып отырады. Бас кейіпкердің атынан баяндалатын осы оқиғалар әңгімедегі уақыт пен кеңістіктің алмасуын

калыптастырады. Уақыт пен кеңістіктің әдеби шығармадағы осындай сипатын әдебиет теориясында «дискреттілік» терминімен анықтайды. Бұл жөнінде орыс ғалымы А.Б. Есин; «Әдебиеттегі уақыт пен кеңістіктің тағы бір сипатын көрсететін ерекшелік олардың дискреттілігі. Бұл, әсіресе, уақыт үшін аса маңызды, өйткені әдебиет уақыттың бар тасқынын бере алмайды, алайда оның ең маңызды деген фрагменттерін «ұзақ па, қысқа ма», «бірнеше күн өтті» т.с.с. формулалармен ұсынады. Мұндай уақыттық дискреттілік (әдебиетке ежелден тән) сюжетті дамытуға, психологизмді күшейтуге де қарқынды екпін берудің құралы болады» - деп жазады [2,201-202]. Біз Мұхтар Мағауиннің осы «Әбдіғаппар сері» әңгімесінен дискреттіліктің жарқын мысалын бірнеше тұста аңғарамыз. Ал кеңістіктің дискреттілігіне келсек, онда бұл әңгімеде оның уақыттың дискреттілігімен тікелей байланыста екендігін көреміз. Мәселен, серінің ауылдастарына: «Мен майдан өтінде – алғы шепте төрт-ақ күн болдым, - деді Сері сөзін сабақтап. Соғыстың соңғы айы алғашқы кезеңмен салыстыруға келмейді. Батальонның бестен бірі қалса, тәуба айтады екен. Мен көрген ұрыста керісінше болды. Соның өзінде...Қазіргі айтып жүрген сөз, жазып жүрген кітап, көріп жүрген кино-бәрі өтірік. Соғыс.. ол сұмдық» - деген қысқаша ғана әңгімесінен біз уақыт пен кеңістіктің нобайын, яғни, дискретті сипатын ғана танимыз [1]. Автор үшін өзінің идеялық мақсатын жүзеге асыру барысында бас кейіпкердің өміріндегі бір кезеңді фрагментарлы ғана беру қажет болған.

Әңгімеде автордың уақыт пен кеңістікті дискретті қолданғаны сондай, сол арқылы ол бас кейіпкердің барлық өмір кезеңдерін шағын жанр ауқымында бейнелей алған. «Әбдіғаппар серіні» оқу барысында бұл әңгіме повестің жүгін көтеріп тұрғандай әсерде боласыз. М.Мағауиннің, біздің ойымызша, бұл оқиғаны әңгіме ауқымына сыйғызуына мынадай негізгі себеп болған сияқты. «Әбдіғаппар сері» жазушының «Доңыз жылғы балалық» деп аталатын әңгімелер циклінің қатарына енеді. Бұл циклға жазушының балалық шағындағы әсерден туған әдеби туындылар енген. Жазушы тұтас дәуірдің сипатын осындай әңгімелер арқылы танытқысы келген. «Әбдіғаппар серіге» қоса осы циклді құрайтын «Ақжалға кеткен Сейіттің баласы», «Әскержанның ағасы», «Абақтыда өлген Уан атам», «Ең әділ сайлау», «Гимн» және т.б. әңгімелеріндегі уақыт пен кеңістіктің ортақтығы сол кезеңнің сипатын тануға мүмкіндік береді. Бұл циклдағы уақыт – кеңестік кезең, яғни, соғыстан кейінгі сталинизм саясатының қаталдығы, әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік, ізгілік мұраттарының саясат салқынынан бұзылуы, содан адам мінезіндегі өзгерістер кезеңіндегі уақыт. Кеңестік сол кеңестік жойқын саясаттың қазақ ауылындағы ортаға әсер етуі. Сондықтан «Әбдіғаппар серінің» жанрына байланысты айтылған ілгерідегі ойларымызды жинақтасақ, онда автордың тұтас повесть жазғаннан гөрі бірнеше әңгіме арқылы сол кезеңдегі өмір шындығын ұсынуды жөн санағанын аңғарар едік. Ал осы циклға енетін әңгімелердегі уақыт пен кеңістіктің сипатына келсек, онда олардың баршасында дерлік әлгіндей дискреттілік тән. Оның, біздің ойымызша, екі себебі бар. Біріншіден, автор бұл жайларды әжептәуір уақыттан кейін жазып отыр, екіншіден, жазушы дәуір шындығын толық қамтып, идеясын барынша кеңірек жеткізу үшін уақыт пен кеңістіктің ауқымын қалауынша қолданған.

Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістіктің сипатына келгенде, қазіргі әдебиеттану ғылымында аса көрнекті ғалым М.М. Бахтиннің теориялық тұжырымдарына көбірек сілтеме жасалатынын аңғарамыз. Бұл еңбегімізде біз де орыс оқымыстының ойларына сүйенеміз. Мәселе – М.М. Бахтин пікірлерінің біз талдап отырған әңгімедегі уақыт пен кеңістіктің сипатын аңғартатындығында. Айталық, әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістіктің өзіндік сипаты жөнінде: «Уақыт мұнда сығымдалады, тарылады көркемдік жағынан көзге көрінетіндей болады, ал кеңестік интенсивті күйге көшіп уақыттың қозғалысына, сюжетіне, тарихына тартылады. Уақыттың ерекшеліктері кеңестікте ашылады, кеңестік уақыт арқылы зерделеніп, уақытпен өлшенеді» - дейді М.М. Бахтин [3,234]. Орыс оқымыстысының осы өрісті ойларынан «Әбдіғаппар сері» әңгімесіндегі уақыт пен кеңістіктің сипатына бойлаймыз. Ғалым көркем шығармадағы уақыт пен кеңістіктің сипатын талдауда бүгіндері әбден ғылыми айналымға енген «хронотоп» терминін енгізді. Бахтин бойынша, хронотоп –

«уақыттық және кеңістіктік қатынастардың маңызды сабақтастығы» [3,235]. Бұл термин шығармадағы уақыт пен кеңістіктің барша сипатын нұсқаса, дискреттілік термині солардың нақты бір сипатын белгілеуге арналған. Десек те, М.М. Бахтин кезеңінен кейін пайда болған соңғы терминнің де сипаты оның уақыт пен кеңістікке берген анықтамасынан да аңғарылады. Яғни, М.М. Бахтин өз анықтамасында дәл осындай термин ұсынбаса да, кейінірек жасалатын ұғымның сипатын анықтап берген. Әңгімеге оралсақ, онда көркем мәтіннен уақыт пен кеңістіктің «сығымдалған», «кеңістіктің уақыттың қозғалысына, сюжетіне тартылған» бірнеше сипатын табамыз. Ғалымның пікірінен уақыт пен кеңістікке қоса сюжет ұғымының да қоса келтірілгенін байқаймыз. Қазақ әдебиеттану ғылымында хронотоп категориясын өз еңбектеріне арқау еткен ғалым Бақытжан Майтанов. Мысалы «Абай және уақыт тұғырнамасы» атты зерттеу мақаласында: «Көркем әдебиет – уақыт пен кеңістіктің шағын моделі. Оны дүниеге әкелу үшін де мекеншақ (хронотоп) өлшемі керек, оның мазмұндық құрылымы да әр алуан мекеншақ қатынастарына негізделмек. Шығарманы қабылдау кезеңдері де мекеншақ ерекшеліктерімен сабақтас. Тегі, уақыт және кеңістіктің перцептуалдық бейнесін әдебиет мекеншақ тағандарына табан тіреп тұрып сомдайды» [4]. Мақаладан автор Бахтин терминін «мекеншақ» деп аударғанын көреміз. Егер грек тіліндегі «chronos» деген сөз уақытты, «topos» деген ұғым орынды білдірсе, онда қазақ ғалымының термині хронотоп ұғымын толық айқындап тұр. Сәтті балама. Сонымен бірге қазақ ғалымының әдебиетті «уақыт пен кеңістіктің шағын моделі» деген пікірінен де көп жайды аңғаруға болады. Енді бастапқы дискреттілік жөніндегі ойларға оралсақ, әлбетте, уақыт пен кеңістіктің дискреттілігі міндетті түрде шығарма сюжетінің жасалуына алып келеді. Өйткені оқиғалы шығармадағы уақыт та, кеңістік те сюжет жасайтын көркем категориялар. Бұл аксиома. Себебі қандай оқиғаның болсын өрістеуіне белгілі бір кеңістік қалай қажет болса, оның дамуына да белгілі уақыт сондай қажет. Бұл арадағы біздің мақсатымыз – нақты бір көркем туынды негізінде уақыт пен кеңістіктің кейіпкер бейнесін сомдаудағы, сюжет қалыптастырудағы, өзіндік көркемдік әлем жасаудағы функцияларын айқындау болмақ. Сондықтан біз жұмысымызда осындай әдеби категорияларды өзара тығыз бірлікте алып қарастырамыз. Ең алдымен, әрине, уақыт пен кеңістікке тікелей тәуелді сюжет жөнінде.

Бұл әңгімеде ортақ композиция аясындағы бірнеше сюжеттің белгілерін көреміз. Олар: а) баланың күресінде Әбдіғаппар серімен кездесуі; ә) серінің Ақбайпақ ат жөніндегі әңгімесі; б) серінің соғыс туралы әңгімесі; в) серінің Қашымбек дарқанның үйінде болуы; ғ) серінің күреске қатысуы; г) серінің оралуы. Әлбетте, бұлар шығарманың ортақ композициясы ауқымындағы фрагментарлық сюжеттер болады да, жоғарыда айтылған дискреттілік ұғымы ауқымында әрқайсысы автордың идеясына орай өрістейді. Сондықтан олардың құрамында сюжеттік бөліктер түгел болуы міндетті емес. Мұндағы автор мақсаты бірде өз баяндау арқылы, енді бірде бас кейіпкерді сөйлету арқылы кейіпкердің образын ашу. Бұдан да кеңірек айтар болсақ, Әбдіғаппар бейнесі арқылы сол дәуірдің сипатын бағамдау. Жалпы «Доңыз жылы балалық» цикліне енетін әңгімелер кеңестік дәуірде жазуға тыйым салынған тақырыптарға арналған. М.Мағауиннің суреткер ретіндегі ұлттық ұстанымы, біздің ойымызша, оның санасында сақталған балалық шақтағы әсерлерді жаңғыртты. Кезеңі туғанда, болмысынан ұлтжанды қаламгер қазақ халқының басынан өткерген осынау қиыншылық кезеңдерге барды. Сондықтан аталған циклге енетін басқа да әңгімелермен қатар «Әбдіғаппар сері» әңгімесі де сол заманның көркем шежіресі іспетті. Ал әңгімедегі әр қилы оқиғалардың шартты түрдегі дербестігі немесе өзара сабақтасуы осындай басты авторлық идеядан өрістеп отырады. Мәселен, серінің Ақбайпақ аты туралы баяндалатын сюжетке тоқталайық. Серілердің міндетті түрде жүйрік аты болатынын білеміз. Әбдіғаппардың осындай серігі – Ақбайпақ. Бұл сюжетте Ақбайпақтың бәйгеге қатысуы, серінің әділетсіздікке шыдамай, баланың сабап жатқан аудан өкіліне қол көтеріп, айдалып кетуі, айдауда жүріп атын сағынуы, еркіндікті аңсауы негіз болған. Сюжеттің осы бөлігінде қатал уақыттың мұңы шертіледі. Сталинизм дәуіріндегі уақыт бірнеше кейіпкердің өзара әңгімесі арқылы аңғарылады. Осындай шағын фрагментарлы сюжеттердің кезектесіп, өзара алмасып келуін реттеп тұрған көркемдік құбылыс – уақыт пен кеңістік. Өзінің «Әдебиет

теориясында» В.Е. Хализев уақыт пен кеңістіктің «сюжеттің негізін құрайтынын» жазады [5,63]. Сондықтан автор өзінің идеялық мақсатына орай қалауынша қолданып, сюжет құрастырады.

Жазушының белгілі бір өмір шындығын таңдауы – оның идеялық мақсатынан өрістесе, осындай мұратын жүзеге асыру үшін қаламгер өзіне қажетті уақыт пен кеңістікті таңдайды. 3.Қабдоловтың «Сөз өнеріндегі»: «егер тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы» делінген анықтаманы негізге алсақ, онда әдебиеттегі уақыт пен кеңістік автор таңдаған өмір шындығын, яғни, шығарманың тақырыбын да, сонымен бірге сол өмір шындығына көзқарасы болып табылатын, яғни, шығарманың идеясын да қалыптастыруға негіз болады [6,156]. Себебі қаламгер өз шығармасына негіз етіп әйтеуір белгілі бір уақыттық кезең мен кеңістікті таңдайды. Сол үшін де уақыт пен кеңістік категорияларын шығарманың идеялық мазмұнымен сабақтастырудың осындай өзіндік реті бар. Сөз өнері үшін тақырып пен идеяның көрініс табуы міндетті түрде көркемдік арқылы жүзеге асырылады. Әдебиетті «Асыл сөз» деп атаған Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі, әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» деп жазады [7,208]. М.Мағауиннің «Әбдіғаппар сері» әңгімесіндегі уақыт пен кеңістік ауқымында суреттелген оқиғалардың өзара байланысы, үйлесімі, кейіпкерлер бейнесінің, әрекетінің бізге әсері – барлығы осы шығарманың көркемдік әлемінен бастау алады. Айталық әңгімеден: «Шай ішіп, қазан көтергенше көз байланды. Сыртта қаңтарулы тұрған қымбат әбзелді Кербалақ атты көрген соң, колхоз орталығы аталғанымен, жиырма шақты түтіннен аспайтын шалғай ауылға арнайы келген кім екенін білген соң, ескі көз таныстары бар, дүкенді кеңеске, ән-күйге құмар жігіт-желең бар, біздің үйде он шақты адамның басы құралып қалған» деген үзіндіні алайық [1, 306]. Мұнда автор уақыт (көз байланды) пен кеңістікке (біздің үйде) сабақтастырып, автордың өзіндік қолтаңбасы жөнінде пікір айтуға боларлық. Ең алдымен, жазушы қолтаңбасы оның сөйлем құрылысынан байқалады. М.Мағауин артық сөз, тым жылтырақ әдемілікке құмар жазушы емес. Оның сөйлемдері құбылысты суреттеуде әрі нақты, әрі ұғынықты. Әр нәрсенің негізі қырларын бірер сөзбен беріп отырады. Мысалы кеш батқанын «көз байланды», үй дегенді «түтін», жиналды дегенді «басы құралып қалған» береді. Сонымен бірге оқиғаның немесе құбылыстың ең басты белгілерін аңғартуға жазушының шеберлігін байқаймыз. Мысалы осы әңгімедегі: «омырауы бір құшақ, мақпал қаракер ат; құмдауыт, жасыл күрең насыбай; ақсирақ күрең тұлпар; жалқын от, көк түтін, көкейге қонымды, жүрекке жағымды сарын» деген тіркестерден дәл ойын бейнелеген айқындауларды оқимыз. Жалпы бұл әңгімедегі көркемдіктің және бір мысалы ретінде оның композициялық құрылымын айтуға боларлық. Әңгімеде шамамен он беске жуық композициялық бөлік бар екен. Бұл бөліктер шығарма сюжетінің дамытылуына қарай және уақыт пен кеңістіктің берілуіне орай өзара логикалық байланыста дамытылып, сабақтастырыла өрістейді. Мұндай сабақтастық бұл әңгімеде авторлық баяндаулар арқылы немесе бас кейіпкердің сөздері арқылы көрінеді. Сонымен бірге осындай композициялық сабақтастықты біз уақыт пен кеңістіктің суреттелуінен де аңғарамыз. Мәселен, «Күресінде шана теуіп жүргем», «соғыстан келе сала бәйгеге жараттым», «мен соғыста төрт-ақ болдым», «ертеңіне сері Қашымбек дарқанның үйінде түстенді», «жаз шыға Әбдіғаппар серінің атағы қайтадан дүрілдеді» деген әр композициялық бөліктің бастапқы сөйлемдерінен уақыт пен кеңістіктің сюжет жасауға, оқиғаны өрістетуге тікелей қатысып тұрғанын байқаймыз.

Көркем әдебиеттегі уақыт пен кеңістік және оның трансформациялануы жалпы шығарманың композициясы мен сюжетіне, кейіпкерлер жүйесіне, көркемдігіне тікелей ықпал ететін категориялар екенін мейлінше аңғардық. Жалпы көркем шығармадағы барлық бөліктер мен детальдар сол туындының болмысын түзетіні белгілі дей келе, олардың ішінде уақыт пен кеңістіктің аса маңызды көркемдік құбылыстар екендігіне толығымен көз жеткіздік. Себебі әдеби туындыдағы өмір шындығын тану, кейіпкерлермен танысу осы

уақыт пен кеңістіктің ауқымында ғана жүзеге асырылады. Әсіресе, уақыт пен кеңістіктің маңызы «Әбдіғаппар сері» сияқты сюжетті шығармаларда арта түседі. Біз осы әңгімедегі уақыт пен кеңістіктің болмысына бойлай отырып, мынадай тұжырымдарға қол жеткіздік:

Біріншіден, әңгімеге арқау етілген уақыт халқымыз басынан кешірген кезеңнің сипатын танытады, Әбдіғаппар бейнесі осы мақсатқа көркемдік қызмет еткен;

Екіншіден, автор өзінің негізгі идеялық мақсатына орай кеңістік ретінде салқын саясаттың ықпалын басынан өткізген қазақ ауылындағы өмір шындығын алған;

Үшіншіден, әңгімедегі уақыт пен кеңістік шығарманың идеялық мазмұнын айқындауда да, композициялық құрылымын қалыптастыруда да тікелей маңызды қызмет атқарған.

Қолданылған әдебиет

1. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. Бесінші том. – Алматы: Қағанат, 2002, - 420 б.
2. Есин А.Б. Время и пространство // Введение в литературоведение. – М.: Академия, 2010. – 350 с.
3. Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Художественная литература, 1975. – 475 с.
4. Майтанов Б. Абай және уақыт тұғырнамасы // abai-inst.kz
5. Хализев В.Е. Теория литературы // litmir.me, С.63.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 356 б.
7. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 208 б.

ОӘК 82-31(574)

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТІҢ «ЖУСАН ИІСІ» ПОВЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Құдайберген Балнұр Рысқұлқызы

balnur.8393_09@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С. Негимов

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақ әдебиетінің классигі Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі – соғыс шындығы мен тағдыр тауқыметі өткір суреттелетін шығарма. Бұл шығарма қазақ оқырмандарының сүйікті, сүйекті туындысына айналды. Өйткені, шығарма фрагменттері мектеп бағдарламасына, яғни 7 сыныптың қазақ әдебиеті оқулығына енгізілген. Оқиға желісі әрбір оқырманның жүрегін дүр сілкіндіріп, баурайды.

Соғыс кезіндегі қазақ ауылының көрінісі. Даласы азынап, соғысқа кеткен ер-азаматтардың артынан жылап қалған бала-шаға, әрбір отбасының ортақ қайғысы еді. Қазақ даласының осындай көріністерінің бірі, Ешкіөлмес дейтін қоңыр таудың етегінде орналасқан ауылды да шарпып өткенді. Жетім қалған Аянның аянышты тағдыры сүйек сырқыратады.

«Жусан иісі» төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың басты кейіпкері – Аян.

Бірінші бөлімде Аянның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болады. Әжесінің жамағайын төркіндерінен пана іздеп, әжесімен бірге мың тоғыз жүз қырық екінші жылдың жазында ауылға көшіп келеді. Жастайынан жетім қалып, тағдыр тауқыметін тартса да, ешқашан жасыған емес. Ауылдың балалары ойнап жүріп Аянды көздері шалады. Бірден оның қасына топтала қалып, бас-аяғына шұқшия қарап сынағандай әсер қалдырады. Балалар Аянмен тез достасып, Аян екінші атаман болады. Ешкіммен төбелеспей, сөзге келмейтіндігі Аянның жақсы қасиеттерінің бірі еді. Ақкөңіл, ақылды,